



**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет
«Агробиология» факультеті
«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы**

«Өсімдік шаруашылығы» пәнінен дәріс сабағы

Дәріс №1

Тақырыбы: Өсімдік шаруашылығы-ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі саласы

А.ш.ғ.к қауым.профессор Досжанова Айнур Серикбайқызы

Алматы, 2025

1-дәріс

Тақырыбы: Өсімдік шаруашылығы-ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі саласы

Мақсаты: Өсімдік шаруашылығы саласының бүгінгі жағдайы және болашағы мен таныстыру

Міндеті:

1. Өсімдік шаруашылығы саласының тарихы және бүгінгі жағдайы
2. Тың және тыңайған жерлерді игерудің пайдасы және көлеңке тұстары
3. Өсімдік шаруашылығы саласының болашағы

Түйінді сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, әртараптандыру, перспективалы дақылдар

Жоспары:

1. ҚР өнеркәсібінің ауыл шаруашылық саласының алдында тұрған мақсаты мен міндеттері
2. Өсімдік шаруашылығы жөніндегі ғылымның даму жолдары
3. Екпе дақылдарды топтастыру
4. ҚР ауылшаруашылығы дақылдарын орналастырудың экологиялық және экономикалық принциптері



1. Ауыл шаруашылығы өндірісінің алдында тұрған басты міндеттер болып, халықты жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізат қорымен қамтамасыз ету, ал мал шаруашылығына тиісті жем-шөп қорын жасау болып табылады.

Мінекей жүргізілген осындай шаралардың арқасында ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі артты. Ауыл шаруашылық өндірісінің алдында шешілмеген мәселелер жеткілікті. Ондай міндеттерге әр аймақтың топырақ-климат жағдайларын ескере отыра, өндіріске бейімді сорттар мен олардың қарқынды технологиясын енгізу арқылы егіншіліктің шығымдылығын молайту.

Ауыл шаруашылығы екі негізгі саладан тұрады: өсімдік және мал шаруашылықтары. Өсімдік шаруашылығы адамды азық-түлікпен, төрт түлікті жем шөппен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ететін сала.

2. Өсімдік шаруашылығының негізгі еңбек құралы-жасыл өсімдіктер. Екпе өсімдіктер еңбек құралы болғандықтан адамзаттың алдында тәуелді. Яғни, адам олардың өсіп-өнуін реттейді, жаңа сорттар шығарады және өсіру технологиясын жасайды.

Өсімдік шаруашылығының немесе егіншіліктің негізгі ерекшеліктері-маусымдылығы. Яғни, екпе дақылдар өнімді тек қана жылы мерзімде береді. Сондықтан, агротехникалық шаралар мерзімінде жүргізілуі шарт. Өсімдіктердің көбею органын қалыптастыруына және вегетациялық кезеңінің ұзақтығына байланысты ауылшаруашылық дақылдарын екі биологиялық топтарға бөледі: 1-топ-өсу кезеңі қысқа өсімдіктер, оған қоңырбас, астра және зығыр тұқымдастар жатады. Олар өсу нүктесінің дифференциялану нәтижесінде гүл шоғыр түзеді де салыстырмалы тез өсуімен ерекшелінеді және гүлдегеннен кейін өсуін толық тоқтатады. 2-топ өсу кезеңі ұзын өсімдіктер, оларға дәнді бұршақ, құлқайыр, қарақұмық тұқымдастар жатады. Олардың гүлдері мен гүл шоғырлары жапырақтың қолтығында орналасады, сабақ өсу нүктесінің вегетативтік және генеративтік органдар түзу мүмкіндігі гүлденудің аяғына дейін сақталады. Олар вегетация кезеңінің соңына дейін өсе береді.

3. Тіршілігінің ұзақтығына байланысты жоғары өсімдіктер: біржылдық, екі және көпжылдық болып бөлінеді.

Жарық пен жылуға қажеттілігіне байланысты екі типке бөлінеді: қоңыр салқын белдеу өсімдіктері және оңтүстік-субтропикалық және тропикалық белдеулер.



Қоңыр салқын белдеу өсімдіктері жыл мезгілінде жылы және суық кезеңдердің алмасу жағдайында қалыптасқан. Олардың дамуы солтүстікке жылжуына байланысты жеделдейді, ерте пісетін дәнді бұршақ тұқымдастар тамыр жемістілер, күнбағыс, мақсары, қырыққабат тұқымдас майлы дақылдар, көпжылдық және біржылдық шөптер зығыр мен сорпа түрлері.

Субтропикалық және тропикалық белдеулердің өсімдіктері жылудың аз өзгеретін режимі жағдайында қалыптасқан. Барлық өсу сатылары жоғары температурада қалыпты дамиды. Олар температураның төмендеуіне және сол температураға төзімсіз. Олар қысқа күн өсімдіктері.

Өсімдік өсуі және дамуына қажетті биологиялық факторлар: жылу, жарық, ылғал, қоректік заттар мен топырақ типі.

Өсімдік шаруашылығының шығу тарихы-тас дәуірінде. Орыс жерінде 946 жылдары басталған. Өсімдік шаруашылығы пәні-екпе дақылдарды қарастырады.

Өсімдік шаруашылығы ғылымының мақсаты-екпе өсімдіктердің ботаникалық сипаттамаларын және биологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар олардың өсіру технологиясын зерттеп кең ауқымды түсінік беру және тұрақты және сапалы мол өнім алудың тиімді жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі-екпе дақылдар мен өсімдіктер. Өсімдік шаруашылық ғылымының зерттеу әдістеріне: далалық және вегетациялық тәжірибелер жатады. Егістік тәжірибе түрлеріне: зертханалық-егістік және өндірістік тәжірибелер жатады.

Вегетативтік тәжірибе-екпе өсімдіктердің биологиясын, физиологиясын, агрохимия және басқа сұрақтарды шешу керек. Вегетативтік тәжірибеде өсімдікті арнайы жерде (жылыжайда, вегетативтік үйде), құтыда өсіреді.



К.А.Тимирязев атындағы Москва ауылшаруашылығы кафедрасының ғалымдары дақылдарды алынатын басты өнімдеріне қарап:

1. Астық дақылдары
2. Тамыр жемістілер, түйнек жемістілер, бақша дақылдары, капуста және жаңа жемшөптік өсімдіктер
3. Мал азықтық шөптер
4. Майлы және эфир майлы өсімдіктер
5. Талшықты дақылдар
6. Темекі және қара темекі

4.Далалық дақылдарды республика территориясында орналастыру керек, әрбір дақылдардың өсуіне қолайлы жағдай туғызу керек.

Өсімдік шаруашылығының мамандануы мен орналасуы елдің әкімшілік-территорияға бөлінуімен тікелей байланысты.

ҚР 5 аймаққа бөлінген, олар: солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс және орталық. Әр аймақтың топырақ климаты ерекшеліктеріне сәйкесті жетекші дақылдар белгіленеді.

Пысықтау сұрақтары:

- 1. Тың және тыңайған жерлерді игеру қай жылы басталды және республикада қанша гектар жер жыртылды.**
- 2. Ауылшаруашылығы өндірісінің алдында тұрған мақсаты мен міндеттері**
- 3. Өсімдік шаруашылығы ғылымының зерттеу объектісі және зерттеу әдістері**
- 4. Қандай көрсеткіштері бойынша екпе дақылдар**
- 5. ҚР қанша аймақ бар және онда өсірілетін негізгі дақылдар.**



Әдебиеттер :

1. Әубәкіров Т.Ә., Жұмағұлов Ж.Ж. «Өсімдік шаруашылығы және селекция» Алматы, 1988
2. Жаңабаев Қ.Ш. және т.б. «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» Алматы, 1994
3. Әрінов Қ.Қ «Өсімдік шаруашылығы» Ақмола, 1996
4. Әрінов Қ.Қ және т.б. «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау және стандарттау» Астана, 2001
5. Жанұзақов М.М. «Өсімдік шаруашылығы» Қызылорда, 2008